

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Латын жазуы- әлемдік өркениетке жету жолы

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.05.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/97204/>

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. (Ахмет Байтұрсынов)

– Қазақ тілін жаңғыртудың басты көрсеткіші – латын жазуына көшу! Бұл бүгін ғана айтылып отырған жоқ. Бұл қазіргі заман талабы. Әрине, «біткен іске сыншы көп» дегендей, осы мәселеге байланысты айтылып жатқан пікірлер де әртүрлі. Бірақ еліміздің әрбір азаматы латын жазуына көшу әлемдік өркениетке жетудің басты жолы екенін білуге тиіс. Себебі латын қарпі адамзаттың дамуындағы ең мықты жазудың бірі. Ол ХХІ ғасырдағы ғылым мен техниканың, интернет пен ІТ-технологиялардың тілі. Тіл білімінің негізін қалаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Артық әріптері көп әліпби қолайсыз болады». Осы талапты ескере отырып, біз жаңа әліпбиді жан-жақты талқылап, әрбір әріпті, әрбір таңбаны, әрбір белгілі терең талдауымыз қажет. Себебі тіл мәселесінде, жаңа әліпби мәселесінде ешқандай қателік болмауы керек, – деді Н.Нығматуллин. Ол өз сөзінде латын әліпбиіне көшу ең алдымен қазақ әліпбиі мен орфография ережелерін реформалауға бағытталғанын және сол арқылы тілдің фонетикасы мен графикасының сәйкестігі қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Үкіметтің аталған мәселені орындауға қатысты нақты көзқарасы бар. Латын әліпбиінің бірыңғай стандарты бекітілгеннен кейін оны біртіндеп енгізу шаралары қолға алынуды. Ол жоспар барлық салаларды қамтиды. Себебі тіл коммуникацияның әмбебап құралы болып саналады» деп латын әліпбиін меңгеру бойынша оқу-әдістемелік құралдарды, мобильді қосымшалар мен ақпараттық бағдарламаларды шығарудың маңыздылығына мән берді. «Әліппемізді латын таңбасына көшіру жайы қоғам арасында қызу талқылануда. Осыған орай, бүгінгі күнге дейін тиісті ведомстволар мен ғылыми-сарапшылық институттар және халықаралық шеңбердегі ұйымдар арасында жан-жақты талқылауларға сеп болған ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылуда.еле бойынша өз ой-пікірлерін жеткізді.

– Біз бүгін еліміз үшін, тіліміз үшін, діліміз үшін, рухымыз үшін тарихи мәні бар, шын мәнінде тағдыршешті мәселені қарастырып отырмыз. Неге бұл мәселені тағдыршешті деп айтамыз? Мұның мәнісі мынада. Біз жазуымызды жаңғыртпақшымыз. Жазуды

жаңғырту – тілді жаңғырту. Тілді жаңғырту – елді жаңғырту.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.